

Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай-бақшасының
әдіскері: А.Ә.Жақсылықова

Апталық: «Тәуелсіздік ел тірегі» ұлттық ойындар.
Ұлттық ойындар (эстафеталық жарыс)
Кіші, «Алпамыс» тобы



Тәрбиеші: Сатыбалдиева Б

Таушық 2023

Мақсаты: Балаларға ұлттық ойын түрлерін, мазмұнын, ережелерін, ерекшелігін меңгерту, ойындардың тәрбиелік мәніне назар аудару, тұрмыс, салт-дәстүрі туралы әсерлерін толықтыру. Балалардың қабілеттілігін арттыру, ептіліктері мен шапшаңдықтарын, бір-біріне деген құрметтерін, жеңуге деген ұмтылыстарын, ой-өрістерін дамыту. Балаларға қуаныш сыйлау.

Жүргізуші:

Қуаныштан қалай кеуде көрмесін,
Бұл күнімді бір ғасырға бермесін,
Ақ түйенің қарны міне, жарылды
Тәуелсізбін, егеменмін, дербеспін!

Құрметті апайлар, балалар! Міне бүгін Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанына 32 жыл толып отыр. Қазақстан Республикасында тәуелсіздік мерекесіне арналған түрлі мерекелік шаралар мен апталықтар өткізіліп жатыр. Еліміздің егемендік алуы, халқымыздың тарихында жаңа дәуірдің бетін ашты, бүкіл қоғамдық өмірімізге жаңа леп, серпін ала келді. Ол-баршамыздың бейбіт өмірде, еркіндікті аңсаған ақ ниет, ақ тілеумен өзіміз тіккен ортақ шаңырағымыздың тәуелсіздігі.

Бақыт, бірлік-күн талабы,

Тоқтамайды дабыр әні.

Мәңгі бақи шырқалады.

Республика әнұраны.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны орындалады.

Жүргізуші: Тәуелсіздік күніне арналған іс-шарамызды одан әрі жалғастырамыз.

Сондай іс шарамыздың бірі «Ұлттық ойындарға» да кезек келген сияқты.

Ендеше, сайысымызды бастаймыз! Сайысты бастамас бұрын, сіздерді сайысымыздың шарттарымен таныстырып өтейін.

1. Күш сынаспақ

2. Көтермек

3. Ат жарыс

4. Ою құрау

Сайыста 2 топ қатысып бақ сынасады.

I –топ «Алтын күн»

Ұраны: Спортпен достас

Жалқаулықпен қоштас.

II-топ «Елтаңба»

Ұраны: Бәріміз біріміз үшін,

Біріміз бәріміз үшін.

Сайысымыздың әділ бағасын беретін әділқазыларымызды таныстырып өтейін.

1. Айгүл Әлиасқарқызы
2. Ерболатқызы Алмагүл
3. Сергейқызы Таңшолпан

Ендеше сайысымызды бастайық!

1 «Алтын күн» тобын қошеметтейік!

2 «Елтаңба» тобын қошеметтейік!

1 «Күш сынаспақ» ойыны

Шарты: Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тірек қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса сол бала жеңіске жетеді.

2 «Көтермек»

Шарты: Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірін-бірі арқада көтеріп алса, солбала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де, басқа балалармен бірге күш сынасады.

3 «Тасымақ» ойыны.

Шарты: Бұл ойында 2 жерге ыдысқа су құйып қояды. Сол суды қарсы бетке қойылған бос кесеге қасықтап екі адам тасиды. Бұнда команда құрып ойнайды, әр командада үш адамнан болады. Су таситын адам суды төкпей шашпай тез тасуы керек, қай команда жеңіске жетсе жүлдеге сол ие болады.

4 «Арқан тарту» ойыны

Шарты: Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып кетсе сол топ жеңіске жетеді.

Ал ендеше құрметті сайыскерлер, сайысымызды да біраз жерге таяп қалды, бағасын беретін әділқазыларымызға сөз кезегін берейік.

Жүргізуші:

Деменіздер біз өнерді аяп қалды,

Мезгіл де біраз жерге таяп қалды.

Сау болып тұрыңыздар кездескенше,

Осымен бүгінгі сайыс аяқталды!- дей келе сайысымызды осымен аяқтаймыз.

Сау болыңыздар!



